

## Список использованной литературы:

1 Азанова Е.В. Формирование научного мировоззрения у школьников [ЭР]. Режим доступа: <https://works.doklad.ru/view/B7MGoGBZRDE.html>

2 Ильинская И.В. Особенности формирования исторических представлений у младших школьников [ЭР]. Режим доступа: <https://urok.1sept.ru/articles/683200>

## ТАРИХИ БІЛІМДІ, ДАҒДЫ МЕН ІСКЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Тулегенова А.Ж., г.ғ.м., аға оқытушысы  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,  
Қарағанды қ.

Бүгінгі таңда орта білім беру жүйесінің дамуына қоғам өмірінің саяси және әлеуметтік-экономикалық аспектілерінің жаһандану процестері, ХХІ ғасырдағы білім берудің жаңа рөлі мен маңыздылығын түсіну, сондай-ақ білім беру сапасының жаңа тұжырымдамалары әсер ететіні анық. Жалпы, ХХ ғасырдың сексенінші жылдарының ортасынан бастап әлемнің дамыған елдерінің ұлттық жалпы орта білім беру жүйелерінде жаңа тұжырымдамалар пайда бола бастады, соның ішінде атап өтер болсақ: интеграцияланған оқу мақсаттарының пәнді оқыту мақсаттарынан басым болуы; оқытудағы қарапайым біліктер мен дағдыларды қалыптастыру тәсілін іс-әрекеттік тәсілмен ығыстыру; оқытудағы құзыреттілікті қалыптастыруды іске асыру; білім алушылардың мектептік білім сапасын бағалаудың жаңа жүйесіне көшу; оқушылар мен мұғалімдер арасындағы қарым-қатынастағы авторитаризмді ынтымақтастықпен және оқу ісіндегі серіктестікпен алмастыру [1, 58-б.].

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Біріккен Ұлттар Ұйымының 2030 жылға дейінгі тұрақты даму мақсаттарына орай әділ сапалы білім беру көзделетіні, әлемдегі білім беруді дамытудың негізгі бағыттарына сай 12 жылдық мектеп білімінің моделін қалыптастыру, оқушылардың бойында ХХІ

ғасыр дағдыларын дамыту жайында жоспарлар айқындалса [2], еліміздің «Білім туралы» заңында оқыту формасын, әдістерін, технологияларын таңдауда көп нұсқаулық қағида атап көрсетілген.

Бұл білім беру мекемелерінің оқытушыларына өзіне оңтайлы нұсқаны қолдануына, педагогикалық процесті белгілі бір өзіндік үлгімен ұйымдастыруына мүмкіндік береді. Осы орайда, қазіргі кезеңде тарихты оқытудың заманауи әдістерінде ұжымның және оның әрбір қатысушысының мүдделері мен қажеттіліктеріне байланысты білім беру іс-әрекетінің барлық түрлерін қолдану және үйлестіру мүмкіндіктері, сабақ өткізудің барлық құрылымдық кезеңдерінде жұптық, топтық, ұжымдық формадағы шығармашылық қызмет түрлері іске асырылады. Бұл өз кезегінде оқушылардың дербес білім алу, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, алған теориялық білімін іс жүзінде шығармашылықпен қолдана білу және шешімдер қабылдау, сонымен қатар қарым-қатынас жасаудың түрлі тәсілдерін меңгеру сияқты дағдылары мен іскерліктерін дамытуға негіз болады.

Тарихтың зерттеу нысаны дүние жүзінде орын алған оқиғалар, соған қатысты тарихи даталар мен орындар, тарихта болған әйгілі тұлғалар, қоғамдық құбылыстар мен тарихи фактілер, қоғамның даму заңдылықтары болса, тарихи білім берудің маңызды міндеті тарихи процесті көру мен себеп-салдарлық байланыстылықпен даму ретіндегі тарихты түсіну негізінде тарихи ойлауды қалыптастыру екені белгілі. Сондықтан тарихты оқытудың әдістері мен тәсілдері мұғалім ұсынған әр түрлі оқыту әрекеттері арқылы оқушылардың ақпаратты өздігінен іздеп табу, жүйелеу, әр түрлі кезеңдегі тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді, олардың алғышарттары мен себеп-салдарын, даму заңдылықтарын түсіну, талдау, түсіндіру және дәйекті баға беруге негізделген.

Сонымен қатар, жоғарыда атап көрсетілгендей, елімізде 12 жылдық білім беру жүйесіне көшуге, оқытудың жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы негізінде ұйымдастырылып, жүзеге асырылуына байланысты пән бойынша ғылыми жобаларды дайындау, «дөңгелек үстел» мәселелерін талқылау, ынтымақтастықта оқыту (топтарға, командаларға арналған тапсырмалар), проблемалық жағдаяттарды шешу сияқты т.б. оқытудың әртүрлі белсенді түрлері мен әдістерін қолдану оқыту жұмысының ең тиімді нысандары бола отырып, оқушылардың тарихи ойлау дағдысын қалыптастыру мен

дамытуға басымдық береді. Бұл оқушыларда оқу-танымдық, зерттеушілік және тәжірибелік дағдыларды (зерттеу, шешім қабылдау, сыни ойлау, өз бетімен оқу, ақпаратты өңдеу, практикалық дағдылар) қалыптастырумен анықталады.

Сондықтан да қазіргі кезеңдегі тарихты оқытудың негізгі инновациялық технологиялары ретінде: проблемалық және ойын арқылы оқыту технологияларын; тірек белгілері (сызба, сигналы) арқылы оқыту (В.Ф. Шаталов); деңгейлеп-саралап оқыту (Ж. Қараев); бағдарламалап оқыту (Б. Скиннер, Н. Краудер, В.П. Беспалько); білім беруді ізгілендіру технологиясын (Ш. Амонашвили); түсіндірмелік басқарудағы тірек сызбасын пайдалану арқылы перспективалық оқыту (С.Н. Лысенкова); міндетті нәтиже негізінде деңгейлік зерделеп оқыту (В.В. Фирсов); жеке адамға бағытталған дамыта оқыту (И.С. Якиманская); өзіндік дамыта оқыту технологиясы (Г.К. Селевко), модульдік оқыту технологиясы (М. Жанпейісова) мен ынтымақтастықта оқыту (В.К. Дьяченко, А.Г.Ривин, Ш.А. Амонашвили, Е.Н. Ильин, Н.Н. Хан, т.б.), ақпараттық технологияларды [3, 139-б.] және т.б. атап көрсетуге болады.

Медиа білім беру міндеттерін іске асыру аясында БАҚ арқылы берілетін ақпаратты қабылдау және өңдей білу дағдысын қалыптастыру, оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту, алынған ақпараттың мәнін түсіну, дербес өзіндік ақпараттық өнімдерді (белгілі бір тақырып бойынша постерлер, плакаттар, презентациялық материалдар) жасай білуге үйрету, медиаактивтілік пен азаматтық коммуникацияларды дамытуға бағытталған әдістер кеңінен қолданылуда.

Сонымен қатар ақпараттық-түсіндірме оқытудан практикаға бағытталған, интерактивті оқытуға көшу білім алушылардың жаңа компьютерлік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, электрондық оқулықтарды, анимациялық карталарды, аудио-бейнематериалдарды оқу процесінде еркін пайдалана білуіне жағдай жасайды.

Компьютерлік бағдарламалар тарихи оқиғаларды имитациялауға үлкен мүмкіндік береді. Өткен кезең туралы көлемді де анық түсінік бере отырып, оқушының тарихи оқиғаға араласып, оған ықпал жасай алуы арқылы қызығушылығын туғызып, таным белсенділігін арттырады, іскерлік дағдыларды қалыптастырса, ақпараттық технологияларды қолдану білім алушылардың өз бетімен іздену, зерттеу, ойлау қабілеттерін дамытып, білім сапасын көтеруге мүмкіндік береді, оқу үрдісін жетілдіріп, тиімділігін арттыра түседі.

Жалпы алғанда, білім беру – бұл қоғам мүшелерінің адамгершілік, интеллектуалдық мәдени дамуының жоғары деңгейін және кәсіби біліктілігін қамтамасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз процесі. Осы орайда бүгінгі таңда білім беруге қойылатын талаптар жеке тұлғаны ең жоғарғы құндылық ретінде танитын ізгіліктік тұжырымдамасы тұрғысынан қарастырса, білім сапасының мәселесі жеке тұлғаны дамытуға, ұлттық санасын, шынайы патриоттық сезімін, өмірлік ұстанымдары мен құндылықтар жүйесін, оның жоғары адамгершілік пен кәсібилікке ұмтылысын қалыптастыруға бағытталған білім беру саясатының негізгі мәселелерінің бірі болып табылады.

XXI ғасыр – ақпараттық қоғам мен технологиялық мәдениет дәуірі. Қазіргі қоғамда болып жатқан түрлі өзгерістер білім беру саласында жаңа параметрлердің қалыптасуына ықпал ете отырып, сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдеріне көшуді талап етеді және оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен маңызын арттыруды көздейді.

Қорыта келе, тарихты оқытудағы инновациялық әдістерді пайдаланудың тиімділігіне келер болсақ: біріншіден, қазіргі уақыт – жаңалық пен жаңашылдық уақыты. Күнделікті өмірде жаңа білім мен жаңалықтармен кездесеміз. Сол себепті бұған бүгінгі оқыту үрдісі де сәйкес болуы керек; екіншіден, жаңалықты пайдалану білім алушының ойлау қабілетін жаңашылдыққа бейімдеп, алдын ала болжам жасауға үйретеді, шығармашылық дағдылары мен біліктерін, танымдық және тәжірибелік іскерлігін қалыптастырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Борисов П.П. Компетентностно-деятельностный подход и модернизация содержания общего образования // Стандарты и мониторинг. – 2003. – № 1. – С. 58-61

2 Қазақстан Республикасының жалпы білім беру оқу ұйымдарында тарих пәнін оқыту тұжырымдамасы / Әзірлеушілер мен құрастырушылар: Алпысбес М.А., Әбіл Е.А., Әдиет Қ.Б., Сатанов А.Б. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2021. – 30 б.

3. Қозғамбаева Г.Б., Алпысбаева Н.К. Тарихты оқыту әдістемесі: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 260 б.